

## **«Естелік те, қаһармандық та, даңқ та» республикалық интернет-байқауын қашықтықтан өткізу ережесі**

### **1. Жалпы ережелер**

1. Мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында **«Естелік те, қаһармандық та, даңқ та»** республикалық интернет-байқауын (бұдан әрі - Байқау) қашықтықтан өткізу ережесі оны өткізудің мақсатын, міндеттерін және тәртібін анықтайды.

2. Мақсаты: Ұлы Отан соғысы ардагерлерінің ерліктерінің үлгісі негізінде өскелең ұрпақты патриоттық тәрбиелеу, балалар мен жастардың бойында Отанының, өз халқының тарихи өткеніне құрметпен қарауды дамыту және Ұлы Отан соғысы туралы тарихи естелікті сақтау.

Байқау міндеттері:

Өз Отанымызға мақтаныш сезімін және алаңсыз балалық шаққа ризашылық сезімін тәрбиелеу;

білім алушылардың Қазақстанның тарихи оқиғаларына және ержүрек тұлғаларына қызығушылықты ояту;

ардагерлерге және отбасылық дәстүрлер мен құндылықтарға құрметпен қарауды қалыптастыру;

шығармашылық қабілеттерді және көркемдік талғамды дамыту.

3. Байқауды Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК өткізеді.

4. Байқаудың ұйымдастырушылары ұйымдастыру комитеті мен әділ қазылар алқасының құрамын қалыптастырады.

### **2. Байқауды өткізу мерзімі және тәртібі**

5. Байқау жұмыстары **2017 жылғы 1 наурыз мен 30 сәуір аралығында [turkonkurs@bk.ru](mailto:turkonkurs@bk.ru)** электронды поштасына қабылданады.

**2017 жылғы 30 сәуірден кейін** түскен, сондай-ақ талаптарға сәйкес келмейтін байқау материалдары қарастырылмайды.

Байқаудың қорытындысы, жеңімпаздардың дипломдары, қатысушылардың сертификаттары **2017 жылғы 16 мамырда [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org)** сайтында орналастырылады.

6. Ұйымдастырушының байқауды өткізу мерзімін ұзартуға құқығы бар. Ұйымдастырушының шешімі бойынша байқауды өткізу мерзімін ұзарту туралы ақпаратты міндетті түрде әлеуетті қатысушыларға хабардар ете отырып, байқаудың өткізу, өзгерту туралы және қорытындыны орналастыру мерзімдерін мына сілтемеде көрсетіледі: [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) → Республикалық шаралар → «Естелік те, қаһармандық та, даңқ та» байқауы → әрі қарай.

7. Байқауға келіп түскен жұмыстар қайтарылмайды. Байқаудың ұйымдастырушылары авторды көрсете отырып, жұмысты бұқаралық ақпарат құралдарында жариялауға құқылы.

8. Байқауға қатысу үшін **1500 (бір мың бес жүз)** теңге төлемақы төленеді.

Төлемақы барлық банк немесе Қазпошта бөлімшелерінде келесі реквизиттер арқылы жүргізіледі:

ҚР БҒМ «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК (резидент).

БИН 990140004733

ИИК KZ918560000005068448

БИК КСЖВКЗКХ

Кбе 16

Төлемақы мақсатының коды: 859.

АО «Банк Центр Кредит», Астана қ.

Төлемақының мақсаты: **«Естелік те, қаһармандық та, даңқ та»** байқауы. Байқауға қатысушының (жіберуші) аты-жөні, тегі міндетті түрде көрсетілуі қажет.

9. Байқауға қатысу үшін міндетті түрде келесі құжаттарды:

1) 1-қосымшаға сәйкес Word форматындағы өтінімді;

2) сканерден өткізілген төлем туралы құжат (түбіртек немесе төлем тапсырмасын);

3) электронды түрде байқау жұмысын **turkonkurs@bk.ru** электронды поштасына жіберу қажет.

### **3. Байқау қатысушыларына қойылатын талаптар**

10. Байқауға мектепке дейінгі, жалпы орта, қосымша, техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары келесі жас санаттары бойынша қатысады:

6 жасқа дейін мектепке дейінгі жас санаты;

7-10 жастағы кіші жас санаты;

11-14 жастағы орта жас санаты;

15-17 жастағы жоғарғы жас санаты.

11. Байқау келесі номинациялар бойынша өткізіледі:

**1. «Мен Жеңіс күнін саламын!» номинациясы** - суреттер байқауы. Байқауға кез келген материалда (ватман, картон, кенеп және т.б.) және түрлі сурет салу техникаларында (майлы бояулар, акварель, гуашь, қарындаш, түрлі-түсті қарындаш және т.б.) орындалған суреттердің фотолары қабылданады. Байқау жұмыстарын дайындау барысын кезеңмен суретке (4 суретке дейін) түсіріп, JPEG форматында электронды түрде жіберу қажет.

**2. «Біз бейбіт өмір үшін!» номинациясы** – қабырға газеттері мен плакаттар байқауы. Байқауға қатысушының өз бетінше жеке ойымен дайындалған және тақырыпқа сәйкес келетін қабырға газеттері мен

плакаттардың фотосуреті қабылданады. Байқау жұмыстарын дайындау барысын фотосуретке (4 суреттен кем емес) түсіру және JPEG форматында электронды түрде жіберу қажет.

**3. «Бір фотосуреттің тарихы» номинациясы** - фотосуреттер байқауы. Байқауға қатысушының жеке өзі дайындауымен фотосурет және оның тарихы баяндалған сипаттама қабылданады. Фотосуреттің сипаттамасы электронды түрде ресімделуі қажет: Word A4 форматы форматында, жұмыс көлемі: 1 беттен артық емес, қазақ, орыс тілдерінде ұсынылады.

**4. «Жеңіс жауынгерлері» номинациясы** - бейнематериалдар байқауы. Байқауға қатысушының өлең оқып отырғандығы немесе ән салып тұрғандығы, би билеп немесе сахналық қойылымға қатысуы бейнеленген бейнематериалдар қабылданады.

Бейнематериал жоғары көркемдік стилде орындалған, өзіндік режиссурасы болуы тиіс. Бейнематериалдың қазақ немесе орыс тілдерінде сапалы дыбысталуы, ұзақтылығы 3 минуттан артық емес, AVI, MPEG форматында болуы қажет. Жұмыс техникалық жағынан аяқталған болуы тиіс.

Байқау жұмыстарын бағалау өлшемдері:

байқаудың тақырыбына және номинациясына сәйкестігі;

ұсынылған тақырыптың жаңашылдығы мен өзектілігі;

тақырыптың қисындылығы мен толық ашылуы;

материалдардың көркемдік және техникалық сапасы;

шығармашылық деңгейдің автордың жасына сәйкестігі.

12. Байқауда бір қатысушы бір номинацияға немесе бірнеше номинацияға қатыса алады. Әр номинацияға әр қатысушыдан бір ғана жұмыс қабылданады. Әр номинация бойынша әр жеке жұмыс үшін төлемақы қабылданады. Байқауға қатысу үшін топтық жұмыстар қабылданбайды.

13. Байқау жұмысының титул парағында көрсетіледі:

облыс, аудан (қала), ауыл;

білім беру ұйымының аталуы;

байқау, номинация, жұмыс аталуы;

автордың аты-жөні;

қатысушының жасы;

e-mail, байланыс мәліметтері;

жетекшінің аты-жөні, тегі;

жетекшінің лауазымы және жұмыс орны.

14. Интернет желісінен алынған және өзге авторлардың материалдарын қолдануға тыйым салынады. Байқау жұмыстары бұрын ешқандай интернет желісінде жарияланбаған болуы тиіс.

#### **4. Байқаудың қорытындысын шығару және жеңімпаздарын марапаттау**

15. Әділқазы мүшелері номинациялар бойынша байқаудың жеңімпаздарын анықтайды.

16. Байқау жеңімпаздары I, II, III дәрежедегі дипломдармен, байқау жеңімпаздарының (I, II, III дәрежедегі дипломдарды иеленген) жетекшілері алғыс хатпен марапатталады, орынға ілікпеген қатысушыларға сертификаттар беріледі.

Байқау жеңімпаздарына дипломдардың, олардың жетекшілеріне алғыс хаттардың және қатысушыларға сертификаттардың электронды нұсқалары **www.ziyatker.org** сайтында мына сілтеме <http://www.ziyatker.org/#!/-c10hg> бойынша автоматты түрде жүктеу мүмкіндігімен орналастырылады.

Анықтама телефондары: **8(7172)249308** («Естелік те, қаһармандық та, даңқ та» байқауы).

Диплом, сертификаттардың онлайн нұсқасын жүктеу үлгісі [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) → Республикалық шаралар → «Естелік те, қаһармандық та, даңқ та» байқауы → жалғасы.

Қатысушы балаларға арналған ғылыми-танымдық [www.ziyatker.org](http://www.ziyatker.org) сайтында, «Жас саяхатшы» қауымдастығына («ВКонтакте» әлеуметтік желісі арқылы) тіркелуі тиіс. (Мына сілтеме бойынша <https://vk.com/puteshestvennikkz>).

1- қосымша

### Байқау қатысушысының өтінімі

|                    |      |  |  |   |   |  |
|--------------------|------|--|--|---|---|--|
| Қатысушының Т.А:Ә. | Жасы | Облысы, ауданы, елді-мекені, білім беру ұйымының | Байқаудың аталуы, номинациясы тақырыбы | Байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы) | Жетекшісінің толық аты-жөні, жұмыс орны, лауазымы | Жетекшісінің байланыс мәліметтері (ұялы телефоны, эл. поштасы) |
|--------------------|------|--|--|---|---|--|

| 1                                      | 2             | 3  | 4   | 5   | 6   | 7                  |
|--|---------------|--|---|---|---|--------------------|
| Муслимова<br>Жадыра<br>Өмірзаққы<br>зы | 10<br>жа<br>с | Оңтүстік<br>Қазақстан<br>облысы,<br>Шымкент<br>қаласы,<br>Шарбақты<br>ауданы,<br>Шарбақты<br>ауылы, № 1<br>мектеп, 4-<br>сынып | «Естелік те,<br>қаһармандық<br>та, даңқ та»<br>байқауы,<br>«Жеңіс<br>жауынгерлері»<br>номинациясы | Ата-<br>аналардың<br>байланыс<br>нөмірлері<br>көрсетелуі<br>мүмкін. | Петрова<br>Нина<br>Ивановна,<br>№ 1<br>мектептің<br>бастауыш<br>сынып<br>мұғалімі | Тел:<br>Эл. Почта: |

2-қосымша

### Титул парағын толтыру үлгісі

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Республикалық қосымша білім беру оқу-әдістемелік орталығы» РМҚК

«Естелік те, қаһармандық та, даңқ та» республикалық интернет-байқауы  
«Жеңіс жауынгерлері» номинациясы

Тақырыбы:

Жұмыстың авторы: Муслимова Жадыра Өмірзаққызы

Білім беру ұйымының мекенжайы: Павлодар облысы, Шарбақты ауданы, Шарбақты ауылы  
№ 1 мектеп, 9-сынып

Жетекшісі: Петрова Нина Ивановна

2017 жыл